

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОҒАРЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ

ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім саласы: 100000 – Білім  
Оқыту саласы: 110000 – Білім  
Оқыту бағыты: 60110800 – Ана тілі мен әдебиеті  
(қазақ тілі және әдебиеті)

Шыршық-2024

Пән/модуль коды	Оқу жылы	Семестр	Кредиттер	
HozQAT 1220	2024/2025	II	4	
HozQAT 1320-1420	2025/2026	III-IV	8	
HozQAT 1520-1620	2026/2027	V-VI	8	
Пән/модуль түрі	Оқыту тілі:		Апталық сағат	
Міндетті	Қазақ тілі		4	
1.	Пәннің аты	Аудитория жаттығулары (сағат)	Өзіндік білім (сағат)	Жалпы жүктеме (сағат)
	Қазіргі қазақ әдеби тілі	300	300	600
2.	<p><b>I. Пәннің мазмұны</b></p> <p><b>Пәнді оқытудан мақсат</b> – сөйлемнің фонетикалық жақтан мүшеленуіне тоқталса, лексикология қазақ тілінің генеологиялық және морфологиялық белгілері туралы мәлімет бере отырып, оның зерттелу жайы, сөз құрамының, лексикосемантикалық топтардың, фразеологиялық сөз тіркестерінің лексикографияның тарихы мен қалыптасуы, сөздік жасаудың міндеттері мен принциптері қамтылса, морфология, синтаксистер сөздердің жасалу тәсілдерін, сөз таптарын жіктеу принциптерін, сөз табына тән категориялардың өзіндік ерекшеліктерін, тіліміздің грамматикалық құрылысының табиғатына орай, сөйлемнің біршама аяқталған ойды білдіретіндігі, өзара байланысты екі сөзден, сөз тіркестерінен құралатындығы, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем синтаксисі тұрғысынан предикаттық қатынасты теориялық тұрғыдан үйрету.</p> <p><b>Пәннің міндеттері</b> – қазақ тілі фонетикасы, орфографиясы мен пунктуациясы заңдылықтарын практика жүзінде іскер асыра білуге, сондай-ақ, фонетика мен фонология теориясының қалыптасуы мен даму кезеңдері туралы ғылыми көзқарастарды талдай білуге үйрету; сөз жасау тәсілдерін, сөз таптарын жіктеу принциптері, сөз табына тән категориялардың өзіндік ерекшеліктерін, грамматикалық құрылысын айыра білу сондай-ақ сөз тіркесінің, сөйлем түрлерінің грамматикалық құрылымын, сөйлемнің бөлшектерін, қосымшаларды, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұратын грамматикаларды қарастыра отырып, сөздердің байланысын қосып, тіркес жасап, бір-бірімен құрмаластырып, сөйлем құрауды, талдауды меңгерту.</p> <p><b>II. Негізгі теориялық бөлім (лекция жаттығулары)</b></p> <p><b>III. Пән құрамына төмендегі тақырыптар енеді:</b></p>			

## ФОНЕТИКА – ЛЕКСИКА, ДЫБЫС ЖӘНЕ СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫ ТУРАЛЫ ІЛІМ

**1-тақырып: Фонетика ілімі, нысаны мен салалары**

Қазақ тілі фонетикасының негізгі міндеті мен мақсаты, фонетика ғылымының қалыптасу, даму жайы, қазіргі күйі.

Тіл дыбыстарының жасалу жолдары, оны жасауға қатысатын мүшелер.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен түрлері.

**2-тақырып: Дауысты дыбыстар.**

Дауыстылардың тіл қызметіне қарай ашық және қысаң, ерін қызметіне қарай еріндік және езулік болып бөлінуі (жұптасып бөлінудің абсолютті еместігі).

**3-тақырып. Дауыссыз дыбыстар.**

Дауыссыздардың жасалу орнына қарай ерін, тіс пен ерін, тіл ұшы, тіл алды, тіл арты, көмей дауыстары болып жіктелуі. Дауыссыздардың жасалу тәсілдеріне қарай шұғыл, ызың болып жіктелуі. Дауыссыздардың дауыс қатынасына қарай үнді /сонар/, ұяң, қатаң болып бөлінуі. Аффрикат дыбыстар (ч, ц, щ).

**4-тақырып: Буын және тасымал. Екпін.**

**Буын.** Сөзді буынға бөлудің жолдары мен қажеттігі. Қазақ тілінің буын жөніндегі өзгешеліктері. Құрамындағы дыбыстардың санына, сол дыбыстардың орналасуына қарай буынның бөлінетін түрлері.

Буынның алмасуы, жылысуы, сөздердің жазбаша түрлеріндегі буын саны мен айтудағы буын санының әрдайым біркелкі болмайтыны және оның себептері.

**Екпін.** Қазақ тіліндегі екпіннің, негізінде, лебізді болып келетіні. Қазақ тіліндегі екпіннің, көбінесе, тұрақты болып келуі. Екпін түспейтін қосымшалар. Шылау сөздер мен термин сөздердің екпіні. Фразалық, эмфразалық, логикалық екпіндер. Мәнерлеп өку және мәнерлеп сөйлеудегі екпіннің ролі. Синтаксистік қызметі. Интонацияның түрлері.

**5-тақырып: Үндестік заңы және оның түрлері. Сингармонизм.**

**Ассимиляция. Аккомодация. Диссимиляция**

**Дыбыстардың үндесуі.** Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігінің түрлері. Сингармонизм заңы. Ассимиляция, оның түрлері: Аккомодация, оның түрлері және ассимиляциядан өзгешелігі. Диссимиляция, оның кездесетін орны.

**Дыбыс алмасуы.** Дыбыстардың ауысуы, үстелуі, түсіп қалуы.

**Графика, жазу.** Қазіргі алфавиттің құрамы. Қазақ әліппесіндегі әріптер мен фонемалардың ара қатынасы.

**Орфография, емле.** Қазақ орфографиясының тарихынан қысқаша мәлімет (араб әліппесі тұсындағы емле, латын әліппесі тұсындағы емле, қазіргі емле).

Қазіргі орфографиямыздың негізгі принциптері. Олардың принциптерінен ауытқитын жағдайлар. Сөздерді біріктіріп жазу, бөлек жазу, сызықша арқылы жазу.

**Орфоэпия туралы түсінік.** Орфоэпияның мәні, қазақ орфоэпиясының нормалары. Орфоэпия мен орфография арасындағы қарым-қатынас.

**6-тақырып: Қазақ тілі лексикологиясының зерттеу объектісі.** Ұғым туралы лингвистикалық түсінік. Шындық, ұғым және сөз. Сөз және лексикалық мағына. Ұғым мен мағынаның айырмашылығы. Ұғым, мағына, сөздің ара қатынасы, байланысы.

**7-тақырып: Сөз мағыналары мен олардың жасалу заңдылықтары.**

Сөздің формалары. Омофондар. Омографтар. Варианттар мен дублеттер. Қос сөздер. Біріккен сөздер. Фразалық тіркестері. Сөздің мазмұны. Лексикалық мағына, грамматикалық мағына, эмоционалды-экспрессивті мағына, контекстік-стилистикалық мағына, тақырыптық-семантикалық мағына, тағы басқалар сөздің мазмұнын құрайтындығы. Сөзге тән белгілер. Сөз типтері. Лексикалық-семантикалық жүйе туралы түсінік.

Сөз мағынасы өзгеруінің, жаңа мағына иеленуінің сыртқы (немесе экстралингвистикалық) және ішкі (немесе лингвистикалық) себептері болатындығы. Ауыспалы мағынаны тудыратын тәсілдер. Сөз мағынасының функционалды семантика заңы бойынша да өзгертіндігі. Метонимия жасалу жолдары. Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына керісінше қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы.

**8-тақырып: Сөздердің лексика-семантикалық топтары**

Сөздердің мағыналық қатысына қарай жіктелуі. Омонимдердің көп мағыналы сөздерден айырмашылығы. Омонимдердің жасалу жолдары. Омонимдердің типтері.

Синонимдердің айырым-белгілері. Синонимдік қатар және доминант. Синонимдердің мағыналық, контекстік-стильдік реңктері. Синонимдер және лексикалық дублеттер. Синонимдердің жасалу жолдары. Синонимдердің типтері.

Антонимдердің ерекшеліктері, жасалу жолдары. Табу. Эвфемизм. Диосфемизм.

**9-тақырып: Қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры.**

Сөздік құрамның жалпы сипаты. Негізгі сөздік қордың басты белгілері. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның ара қатынасы. Түркі тілдеріне ортақ сөздер. Олардың лексика-семантикалық, фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Кірме сөздер деп аталатындығы. Моңғол тілдерінен енген сөздер.

**10-тақырып: Қазақ тілі лексикасының негізгі стильдік топтары**  
Қазақ тілі лексикасын құрайтын сөздердің түрлі принципке

негізделе отырылып, қолданылу шеңбері, стильдік мәні жағынан бірнеше топқа бөлінетіндігі. Таралу аясына немесе әлеуметтік-территориялық ерекшеліктеріне қарай топтасқан сөздер. Жалпыхалықтық лексиканың басты-басты ерекшеліктері. Диалект сөздер. Диалект, наречие, говор туралы түсінік. Диалект сөздердің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері.

**11-тақырып: Диалектизмдер.** Кәсіби сөздер. Кәсіби сөздердің түрлері. Кәсіби сөздердің ерекшеліктері. Жаргон және аргө.

**12-тақырып: Стильдік қатынас.**

Бейнелі-стилистикалық сипатына қарай топтасқан сөздер. Тұрмыстық сөздер. Варваризмдер. Термин сөздер. Кітаби сөздер. Эмоционалы-экспрессивті сөздер. Олардың лексикалық-семантикалық сипаты.

Лексиканың актив және пассив қоры туралы түсінік. Көнерген сөздер: архаизмдер мен историзмдер. Неологизмдер. Бұлардың өздеріне тәр ерекшеліктер.

**13-тақырып: Лексикографияның теориясы мен практикасы жайында жалпы мағлұмат**

Лингвистикалық және лингвистикалық емес сөздіктер.

Түсіндірме сөздік. Реестр сөз және сөздік мақала. Түсіндірме сөздіктерді құрастырудың тәжірибесі. Аударма сөздік. Жасалу мақсаты, практикалық мәні мен құрылысы. Аударма сөздіктердің түрлері.

**14-тақырып: Терминологиялық сөздік.**

Терминологиялық сөздіктердің түрлері. Диалектологиялық сөздік. Фразеологиялық сөздік. Синонимдер сөздігі. Орфоэпиялық сөздік.. Тарихи сөздік. Тарихи сөздіктердің түрлері. Этимологиялық сөздік.

**15-тақырып: Фразеологизмдер туралы түсінік.**

Фразеологизмдер - лексиканың ең бай, құнарлы көзі. Фразеологизмдердің зерттелу тарихы. Фразеологиялық тіркестер деп тану үшін қойылатын талаптар. Фразеологизмдердегі тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық белгілері; фразеологизмдердің түрлері, идиома. фраза, такт және мақал-мәтелдер.

Фразеологизмдердің лексика-семантикалық тақырыптары және грамматикалық ерекшеліктері.

## МОРФОЛОГИЯ

**16-тақырып: Грамматика және оның салалары**

Грамматиканың зерттеу объектісі, мақсаты мен мәні. Грамматиканың салалары. Зерттеу мақсатына қарай грамматиканың түрлері. Қазақ тілі морфологиясының зерттелу тарихы, қазіргі жай-күйі. Қазақ тілі грамматикалары.

Негізгі грамматикалық ұғымдар. Сөз – лингвистикалық

зерттеулердің негізгі объектісі. Фонетика, лексика және морфологияның арақатынасы. Грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл, грамматикалық форма, грамматикалық категория, грамматикалық құрылым бұлардың арақатынасы. Грамматикалық мағынаны берудің тәсілдері. Сөз сөзформа, сөзқолданыс. Сөзформаға тән белгілер. Сөз формалары. Негізгі және туынды формалар. Сөз таптарының формалану мүмкіндіктері.

### **17-тақырып: Сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары**

Морфология зерттейтін негізгі мәселелердің бірі-морфема. Морфемалардың түрлері. Қосымшалар (аффикстер). Қосымшалардың түрлері, пайда болу, даму жолдары.

### **18-тақырып: Жұрнақтар, олардың құрамы, түрлері**

Жұрнақтардың құрамы, түрлері. Қолданылу ерекшеліктеріне қарай бөліну. Қос функциялы жұрнақтар.

### **19-тақырып: Жалғаулар, оларға тән белгі, сипаттар.**

Жалғаулар, оларға тән белгі, сипаттар. Олардың көп варианты болып келуі, себебі. Жалғаулардың түрлері. Көптік жалғаудың қолданылуындағы мағыналық, стильдік грамматикалық ерекшеліктері. Көптік категориясынан тарихы, зерттелуі.

Тәуелдеу категориясы және тәуелдік жалғау. Тәуелдеу категориясының жасалу тәсілдері. Тәуелдік жалғаумен түрленетін сөздер.

Септік жалғаудың сөздерді байланыстыруда атқаратын ролі. Септелетін сөздер. Септеудің екі түрі. Септік жалғаудың тарихы, зерттелуі.

Жіктік жалғау, мағынасы, жалғаулары, синтаксистік қызметі. Жіктелетін сөздер, олардың жіктелу үлгілері және бір-бірінен ерекшеліктері. Жіктік жалғаудың ықшамдалып қолданылуы, себебі. Жіктік жалғаудың болымсыз түрде қолданылуы. Жіктік жалғауы қолданылмайтын жағдайлар. Жіктік жалғаудың өзге жалғаулармен қабаттасып қолданылуы. Жіктік жалғаудың тарихы, зерттелуі.

### **20-тақырып: Сөз формалары және олардың жасалу тәсілдері мен түрлері.**

Сөздің негізгі түрлері. Жалаң сөздер. Қазақ тілінде түбір, негіз мәселесі. Негіз түбір сөздер, оған тән белгілер, қасиеттер. Негізгі түбір ажыратудағы негізгі принциптер (синхрония тұрғысынан). Негізгі түбір және түбір морфема.

Туынды түбір, оның жасалуы. Түбір және типтес туынды түбірлер. Туынды түбір тудыруда жұрнақтардың ролі, жалғаулардың қатысы.

Жұрнақтардың қабаттасып үстелуі.

Күрделі сөздер. Күрделі сөздерге тән негізгі белгі, сипаттар, тұтастық. Күрделі сөздер фразеологиялық сөз тіркестері мен еркін сөз тіркестерінен ажырату мәселесі. Күрделі сөздердің түрлері.

Біріккен сөз, оған тән белгі, сипаттар. Біріккен сөздің компоненттерінің формасы мен мағынасы. Біріккен сөздерді күрделі сөздердің өзге түрлерінен ажыратудың мәселесі. Біріккен сөздің пайда болуында фонетикалық фактордың маңызы. Біріккен сөздің орфограммасы, зерттелуі.

Қос сөз, оған тән белгі, сипаттар. Қос сөздің түрлері. Қайталама қос сөздердің, қосарлама қос сөздердің фонетикалық, морфологиялық және семантикалық сипаттары. Қос сөздің орфограммасы, зерттелуі.

Қысқарған сөздер және олардың түрлері. Қысқарған сөздердің жасалу түрлері, практикалық мәні, жазылу мен айтылуы. Қазақ сөздерін қысқартып қолдану мәселесі.

### **21-тақырып: Сөз таптары және олардың морфологиялық құрамы.**

Сөздерді топтастырудың маңызы. Қазақ тіліндегі сөздердің семантика морфологиялық белгілеріне қарай үш топқа қарай бөлінетіндігі, атауыш, көмекші және одағай сөздердің әрқайсысына тән мағыналық, тұлғалық ерекшеліктері. Атауыш сөздердің сан жағынан да, сапа жағынан да өте күрделі болып келетіндігі. Сөздерді топтастыруда сөздердің мағыналық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметтері айрықша ескерілетіні.

### **22-тақырып: Зат есім және оның жасалу жолдары.**

Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты. Адамзат және ғаламзат есімдері, оларға тән ерекшеліктері. Жалқы есім мен жалпы есім, бұлардың семантикалық - морфологиялық сипаты, ара қатынасы.

### **23-тақырып: Көмекші есімдер:**

Көмекші есімдер, олардың лексика-грамматикалық сипаты. Құрылымы жағынан зат есімдердің бөлінуі, олардың әрқайсысына тән сипаттар. Зат есімдердің лексикалық, морфологиялық синтаксистік тәсілдері арқылы жасалуы. Зат есім тудыратын жұрнақтар, олардың түрлері, сипаттары. Есімдерден зат есім тудыратын өнімді және өнімсіз жұрнақтар. Етістіктен зат есім тудыратын өнімді және өнімсіз жұрнақтар.

### **24-тақырып: Сын есім**

Сын есімнің семантикалық мағынасы, морфологиялық сипаты, синтаксистік қызметі. Оларды зат есім, үстеулерден ажырататын категориялық белгілері. Сын есімнің семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сапалық сын есім және қатыстық сын есім болып бөлінуі.

### **25-тақырып: Шырай категориялары**

Шырайдың мағынасы мен формасы. Шырай тудыратын жұрнақтар, олардың мағыналық, қолданылу ерекшеліктері туралы көзқарастар. Шырай түрлері мен жасалуы. Жай шырай формасының негізгі форма болып саналатыны. Салыстырмалы шырайдың мағынасы мен жұрнақтары. Күшейтпелі шырайдың мағынасы, оның күшейткіш буынды қабаттастыру арқылы жасалатыны. Асырмалы шырайдың мағынасы, оның күшейткіш үстеулер арқылы пайда болатындығы. Сын есімнің зерттелу тарихы.

#### **26-тақырып: Сан есім**

Сан есімнің лексика-грамматикалық сипаты. Дара және күрделі сан есімдер. Күрделі сан есімнің жасалуы.

#### **27-тақырып: Сан есімнің семантика-морфологиялық топтары.**

Есептік сан есім, оның сан есімнің өзге түрлеріне негіз болатыны. Басқа сөз таптарына морфологиялық тәсіл арқылы ауысуы. Реттік, жинақтық, топтық, жинақтық, болжалдық, бөлшектік сан есімдер, олардың мағыналары мен жасалу жолдары, жалғаулармен түрлену ерекшеліктері, синтаксистік қызметі. Сан есімнің зерттелу тарихы.

#### **28-тақырып: Есімдік**

Есімдікке тән белгі, сипаттар. Оның басқа сөз таптарының орнына қолданылатындығы, мағыналық топтары. Бұлардың мағыналық, түрлену ерекшеліктері мен синтаксистік қызметтері. Есімдіктің зерттелу тарихы.

### **ЕТІСТІКТІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.**

#### **29-тақырып: Етістік туралы мәлімет**

Етістіктің лексика-семантикалық және морфологиялық сипаты. Жалаң етістіктер. Негізгі түбір етістіктердің сипаты. Туынды түбір етістіктердің семантикалық және морфологиялық құрылымы. Етістіктің зерттелу тарихы. Есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар, бұлардың мағыналары мен қолданылу ерекшеліктері. Негізгі етістіктер. Амалдың (істің) өту сипатын білдіретін жұрнақтар. Амалдың субъектіге қатысын білдіретін жұрнақтар.

#### **30-тақырып: Етістіктің морфологиялық сипаты.**

Күрделі етістіктер, оларға тән белгі, сипаттар. Күрделі етістіктердің түрлері. Жетекші етістік пен көмекші етістіктің арақатынасы, байланысу жолдары. Көмекші етістіктер және аналитикалық форма. Толымды және толымсыз көмекші етістіктер.

#### **31-тақырып: Етістіктің грамматикалық сипаты**

Етіс категориясы, оған тән сипаттар.

**32-тақырып: Сипат категориясы.**

Болымдық және болымсыздық категория. Оның синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы.

**33-тақырып: Қалып-сапа етістіктері**

Отыр, жатыр, тұр, жүр етістіктері және Бол, ет, қыл, де етістіктері.

**34-тақырып: Рай категориясы**

Ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай.

**35-тақырып: Шақ категориясы**

Осы шақ, келер шақ, өткен шақ.

**35-тақырып: Есімше**

Есімше, оның есімдер мен етістікке тән сипаттары, жұрнақтары, шаққа қатысы.

**36-тақырып: Көсемше**

Көсемше, оның жұрнақтары және шаққа қатысы. Рай категориясы, оның мағынасы мен түрлері. Шақ категориясы, оған тән белгі, сипаттар.

**37-тақырып: Үстеу**

Үстеуге тән негізгі белгі, сипаттар, өзіндік ерекшеліктер. Үстеудің морфологиялық құрылысы мен құрамы. Негізгі үстеулер, оларға тән үш түрлі ерекшелік. Туынды үстеулер, олардың сипаты.

**38-тақырып: Үстеудің түрлері.**

Үстеудің мағынасына қарай бөлінуі. Үстеулердің синтаксистік қызметі.

**39-тақырып: Еліктеу сөздер**

Еліктеу сөздердің мағыналық топтары. Олардың семантикалық, морфологиялық сипаттары, фонетикалық ерекшеліктері. Негізгі түбір және туынды түбір еліктеуіштер. Еліктеу сөздердің синтаксистік қызметі.

**40-тақырып: Одағай сөздер**

Одағай сөздерге тән ерекшеліктер. Негізгі және туынды одағайлар. Одағайлардың мағыналық реңдеріне қарай бөлінуі. Одағайлардың синтаксистік қызметі. Оқшау сөздер және одағайлар. Одағайлардың тыныс белгілері. Көмекші сөздер. Оларға тән негізгі сипаттар. Көмекші сөздердің іштей бөлінуі.

**41-тақырып: Шылау**

Шылаулардың мағынасы, тілдегі қызметі, қолданылуы. Шылаулар. Шылаулардың мағынасы.

**42-тақырып: Шылаудың түрлері.**

Жалғаулықтар. Жалғаулықтардың семантикалық мағыналары мен

абстракттілі грамматикалық қызметтері. Септеуліктер. Септеуліктердің септік жалғауларын менгеріп тұратын көмекші сөздер екендігі. Демеуліктер. Олардың лексика-грамматикалық сипаттары, түрлері.

## СИНТАКСИС ІЛІМІ

### 43-тақырып: Синтаксис туралы мәлімет

Сөз тіркесінің, сөйлем түрлерінің грамматикалық құрылымын зерттейтін ілім синтаксис екендігі. Синтаксис сөздерді - сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал қосымшаларды - сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұратын грамматикалық категория ретінде тексереді

### 44-тақырып: Синтаксисінің негізгі объектісі - сөйлем

Сөйлемнің біршама аяқталған ойды білдіретіндігі, өзара байланысты екі сөзден, сөз тіркестерінен құралатындығы, бастауыш пен баяндауыштың байланысынан туған предикаттық қатнасты білдіретіндігі, әрбір сөйлемнің интонациялық сазы болатындығы. Синтаксисінің басты-басты салалары

Сөз тіркесі синтаксисі. Жай сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисі.

### 45-тақырып: Сөз тіркесінің синтаксисі

Сөз және сөз тіркесі. Сөз тіркесіне, сөйлем материалдарына арнау болатын - сөз. Сөз – дараланған ұғымды, ал лексика – грамматикалық мағынаны білдіреді. Кемінде толқ мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тізбегін сөз тіркесі деп атайды. Синтаксистік сөз тіркесінің өзіне тән белгілері: 1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады; 2) сөз тіркесінің әр сыңары жеке сұрауға жауап береді; 3) сөз тіркесінің әр сыңары сөйлемде белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқарады; 4) сөз тіркесінің әр сыңары дара сөзден де, күрделі сөзден де жасала береді; 5) сөз тіркесінің бір сыңары бағыныңқы, екінші сыңары басыңқы болып келеді.

### 46-тақырып: Сөз тіркесінің құрамы мен құрылысы

Сөз тіркесінің құрамы: литафоралық тіркес, тұрақты тіркес. Сөз тіркесінің бағыныңқы және басыңқы сыңарлары, жай сөз тіркестері және күрделі сөз тіркестері.

Сөз тіркестерінің құрылысы; сөз тіркестерінің сатылары, ортақтаса байланысуы.

Түйдекті тіркестер: күрделі етістіктер тобы, күрделі есімдер тобы, тұрақты тіркестер тобы. Тұрақты тіркестердің түрлері: идиомалық тіркестер мен фразалық тіркестер.

### 46-Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары

Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, синтетикалық байланыс, аналитикалық байланыс. Сөздердің синтаксистік байланысу формалары: қиысу, матасу, менгеру, жанасу,

қабысу.

#### **47- Сөз тіркесін топтастыру туралы**

Сөз тіркесін топтастыру тіркесу қабілетіне қарай екі топқа бөлінуі: 1) есімді сөз тіркестері; 2) етістікті сөз тіркестері. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркесіне: зат есімді, сын есімді, сан есімді, есімшелі, есімдікті және үстеулі сөз тіркестері, матаса байланысқан сөз тіркестері, меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері жатады. Қабыса байланысқан сөз тіркестеріне: үстеулі, еліктеуішті, сын есімді, көсемшелі, сан есімді, зат есімді сөз тіркестері кіреді. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестеріне: табыс жалғаулы, барыс жалғаулы, шығыс жалғаулы, жатыс жалғаулы, көмектес жалғаулы, шылаулы сөз тіркестері жатады.

#### **48-тақырып: Сөйлемнің түрлері.**

Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті түрлері.

#### **49-тақырып: Жай сөйлемдер тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай түрлер.**

а) атаулы; ә) толымды; б) толымсыз; в) жақты; г) жақсыз болып бөлінетіндігі. Тұрлаусыз мүшенің қатысына қарай жалаң және жайылма болып ажыратылатындығы. Тұлғасына қарай болымды және болымсыз сөйлемдер болып жіктелетіндігі.

#### **50-тақырып: Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері**

Бастауыш. Бастауыштың түрлері мен жасалу жолдары

#### **51-тақырып: Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері**

Толықтауыш, Анықтауыш. Айкындауыш. Пысықтауыш және оның жасалу жолдары

#### **52-тақырып: Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.**

Жалпылауыш мүше. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.

#### **53-тақырып: Оқшау сөздер.**

Қаратпа, қыстырма, одағай сөздер.

### **ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ**

#### **54-тақырып: Құрмалас сөйлем синтаксисі**

Құрмалас сөйлем синтаксисі, оның анықтамасы мен объектісі.

#### **55-тақырып: Жай сөйлемдердің құрмаласу тәсілдері**

Жай сөйлемдердің көсемше, есімше, шартты рай, шылаулар арқылы құрмаласуы, жай сөйлемдерді құрмаластыруда интонацияның қызметі, құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі.

**56-тақырып: Салалас құрмалас және оның жасалу жолдары.**  
Ынғайлас салалас, қарсылықты салалас, түсіндірмелі салалас, себеп-салдар салалас, талғаулы салалас, кезектес салалас құрмалас сөйлемдер және олардың түрлері.

**57-тақырып: Сабақтас құрмалас және оның жасалу жолдары**  
Шартты бағыныңқылы сабақтас, Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас, Мезгіл бағыныңқылы сабақтас, Амал бағыныңқылы сабақтас, Себеп бағыныңқылы сабақтас, Мақсат бағыныңқылы сабақтас, Түсіндірмелі бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

**58-тақырып: Аралас құрмалас сөйлем**  
Аралас құрмалас сөйлем туралы түсінік және оны жасалу жолдары.

**59-тақырып: Бөгде сөз және оның түрлері**  
Төл сөз бен автор сөзі. Төл сөз бен төлеу сөз және олардың тыныс белгілері.

**60-тақырып: Тыныс белгілері**  
Тыныс белгілері, түрлері мен қызметі, топтастырылуы - сөйлем саптауда келетін тыныс белгілері мен сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері.

### III. Практикалық жаттығулар бойынша әдістемелік нұсқау және ұсыныстар

Практикалық жаттығулар үшін төмендегі тақырыптар ұсынылады:

1. Дыбыс және фонема, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Әріп туралы ұғым. Әріп пен дыбыстың арақатынасы. А.Байтұрсыновтың «Тіл - құрал» еңбегінің маңызы. Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасы жөніндегі зерттеулері.

2. Сөйлеу мүшелері туралы түсінік. Актив және пассив сөйлеу мүшелері. Дауысты дыбыстарды жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері. Дауыссыз дыбыстарды жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері.

3. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың тілдік табиғаты. Дауыстылардың тіл, жақ және ерінге қатысты бөлінісі. Дауысты дыбыстардың сөз ішіндегі қолданысы. Кейбір дыбыстардың дифтонгоид сапада айтылуы. Дауысты фонемалар: олардың саны, сапасы, жіктелуі; айтылу, жазылуындағы ерекшеліктер.

4. Дауыссыз дыбыстар (Консонантизм) Дауыссыз дыбыстарға мінездеме. Дауыссыз дыбыстардың жасалу орны, тәсілі, жолына қарай бөлінісі. Дауыссыз дыбыстар. Африкат дыбыстар, олардың емлесі. Дауысты фонемалар: олардың саны, сапасы, жіктелуі; айтылу, жазылуындағы ерекшеліктер.

5. Тіл дыбыстарының заңдылықтары. Емле ережелері және үндестік

заңы. Ерін үндестігі. Редукция, протеза, элезия құбылыстары. Дауысты дыбыстардың консонанттарға ықпалы.

6. Буынға байланысты қазақ тіл біліміндегі көзқарастар. Қазақ тіліндегі тұйық буынның ерекшелігі. Буын, оған тән белгіерекшеліктер. Буынның маңызы, түрлері. Буынды танып-білудің фонологиялық маңызы, орны.

7. Дауыс ырғағы (Интонация) Дауыс ырғағының суперсегменттік қызметі. Дауыс ырғағының түрлері.

8. Екпін (Акцентуация) Екпіннің қызметі. қазақ тіліндегі екпін туралы көзқарастар. Қазақ тіліндегі екпін түспейтін қосымшалар.

9. Фонетикалық құбылыстар. Шектік (позициялық) өзгерістердің игерулі өзгерістерден айырмасы. Дыбыс үндесімі. Дауыссыз дыбыстардың өзара үйлесімі. Ықпал, игеру заңдылықтары. Жасалым, айтылымға қатысты игерулер. Буын үндесімі. Тіл үндесімінің тілдегі орны, қызметі. Ерін үндесіміне көзқарас. Буын үндесімінің тілді ұйымдастыру, ерекшелеудегі маңызы.

10. Пунктуация және оның ережелері. Тыныс белгілері, түрлері. Қағидалар мен ережелердің қалыптасу жолдары.

11. Қазақ тілі орфографиясы сүйенетін принциптер. Қазақ орфоэпиясының негізгі мәселелері. Суперсегментті бірліктердің ауызша сөзді ұйымдастырудағы рөлі.

12. Латын әліпбиі. Қазақ әліпбиі. Қазіргі қолданыстағы алфавиттің тарихы. Қазақ алфавитіндегі әріптер мен фонемалардың ара қатынасы. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері.

13. Қазақ тілі лексикологиясының зерттеу объектісі. Ұғым туралы лингвистикалық түсінік. Шындық, ұғым және сөз. Сөз және лексикалық мағына. Ұғым мен мағынаның айырмашылығы. Ұғым, мағына, сөздің ара қатынасы, байланысы.

14. Сөз мағыналары мен олардың жасалу заңдылықтары. Сөздің формалары. Лексикалық мағына, грамматикалық мағына, эмоционалды-экспрессивті мағына, контекстік-стилистикалық мағына, тақырыптық-семантикалық мағына, тағы басқалар сөздің мазмұнын құрайтындығы. Сөзге тән белгілер. Сөз типтері. Лексикалық-семантикалық жүйе туралы түсінік. Ауыспалы мағынаны тудыратын тәсілдер. Сөз мағынасының функционалды семантика заңы бойынша да өзгеретіндігі.

15. Сөздердің лексика-семантикалық топтары. Сөздердің мағыналық қатысына қарай жіктелуі. Омонимдердің көп мағыналы сөздерден айырмашылығы. Омонимдердің жасалу жолдары. Синонимдердің айырым-белгілері. Синонимдік қатар және доминант. Синонимдер және лексикалық дублеттер. Синонимдердің жасалу жолдары. Антонимдердің ерекшеліктері, жасалу жолдары. Табу. Эвфемизм. Дисфемизм.

16. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры. Сөздік құрамның

жалпы сипаты. Негізгі сөздік қордың басты белгілері. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның ара қатынасы. Түркі тілдеріне ортақ сөздер. Олардың лексика-семантикалық, фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктері.

17. Қазақ тілі лексикасының негізгі стильдік топтары. Жалпыхалықтық лексиканың басты-басты ерекшеліктері. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер. Кәсіби сөздердің түрлері. Стильдік қатынасына, бейнелі-стилистикалық сипатына қарай топтасқан сөздер. Тұрмыстық сөздер. Варваризмдер. Термин сөздер. Кітаби сөздер. Эмоциональ-экспрессивті сөздер. Лексиканың актив және пассив қоры туралы түсінік.

18. Лексикографияның теориясы мен практикасы жайында жалпы мағлұмат. Лингвистикалық және лингвистикалық емес сөздіктер. Реестр сөз.

19. Фразеологизмдер туралы түсінік.

Фразеологизмдер - лексиканың ең бай, құнарлы көзі. Фразеологизмдердің зерттелу тарихы. Фразеологиялық тіркестер деп тану үшін қойылатын талаптар. Фразеологизмдердегі тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық белгілері; фразеологизмдердің түрлері, идиома, фраза, такт және мақал-мәтелдер.

20. Грамматика және оның салалары

Грамматиканың зерттеу объектісі, мақсаты мен мәні. Грамматиканың салалары. Негізгі грамматикалық ұғымдар. Сөз - лингвистикалық зерттеулердің негізгі объектісі. Фонетика, лексика және морфологияның арақатынасы. Грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл, грамматикалық форма, грамматикалық категория, грамматикалық құрылым бұлардың арақатынасы.

21. Сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары.

Морфология зерттейтін негізгі мәселелердің бірі-морфема. Морфемалардың түрлері. Қосымшалар (аффикстер). Қосымшалардың түрлері, пайда болу, даму жолдары.

22. Жұрнақтар, олардың құрамы, түрлері. Жұрнақтардың құрамы, түрлері. Қолданылу ерекшеліктеріне қарай бөліну. Қос функциялы жұрнақтар. Жалғаулар, оларға тән белгі, сипаттар. Олардың көп варианты болып келуі, себебі. Жалғаулардың түрлері.

23. Сөз формалары және олардың жасалу тәсілдері мен түрлері. Сөз тудырудың тәсілдері. Сөздің негізгі түрлері. Жалаң сөздер. Қазақ тілінде түбір, негіз мәселесі. Негіз түбір сөздер, оған тән белгілер, қасиеттер. Туынды түбір, оның жасалуы. Түбір және типтес туынды түбірлер. Күрделі сөздер. Күрделі сөздерге тән негізгі белгі, сипаттар, тұтастық. Күрделі сөздер фразеологиялық сөз тіркестері мен еркін сөз тіркестерінен ажырату мәселесі. Күрделі сөздердің түрлері.

24. Сөз таптары және олардың морфологиялық құрамы.

Сөздерді топтастырудың маңызы. Қазақ тіліндегі сөздердің

семантика морфологиялық белгілеріне қарай үш топқа қарай бөлінетіндігі, атауыш, көмекші және одағай сөздердің әрқайсысына тән мағыналық, тұлғалық ерекшеліктері. Атауыш сөздердің сан жағынан да, сапа жағынан да өте күрделі болып келетіндігі. Сөздерді топтастыруда сөздердің мағыналық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметтері айрықша ескерілетіні. Зат есім. Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты. Көмекші есімдер, олардың лексика-грамматикалық сипаты.

25. Сын есім. Сын есімнің семантикалық мағынасы, морфологиялық сипаты, синтаксистік қызметі. Оларды зат есім, үстеулерден ажырататын категориялық белгілері. Шырайдың мағынасы мен формасы. Шырай тудыратын жұрнақтар, олардың мағыналық, қолданылу ерекшеліктері туралы көзқарастар. Сын есімнің зерттелу тарихы.

26. Сан есім. Сан есімнің лексика-грамматикалық сипаты. Дара және күрделі сан есімдер. Күрделі сан есімнің жасалуы. Сан есімнің семантика-морфологиялық топтары, синтаксистік қызметі. Сан есімнің зерттелу тарихы.

27. Есімдік. Есімдікке тән белгі, сипаттар. Оның басқа сөз таптарының орнына қолданылатындығы, мағыналық топтары. Бұлардың мағыналық, түрлену ерекшеліктері мен синтаксистік қызметтері. Есімдіктің зерттелу тарихы.

28. Етістік. Етістіктің лексика-семантикалық және морфологиялық сипаты. Етістіктің зерттелу тарихы. Есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар, бұлардың мағыналары мен қолданылу ерекшеліктері. Күрделі етістіктер, оларға тән белгі, сипаттар. Көмекші етістіктер және аналитикалық форма.

29. Етістіктің грамматикалық формасы. Етіс категориясы, оған тән сипаттар. Болымдық және болымсыздық категория. Сипат категориясы. Оның синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы.

30. Есімше, оның есімдер мен етістікке тән сипаттары, жұрнақтары, шаққа қатысы.

31. Көсемше, оның жұрнақтары және шаққа қатысы.

32. Рай категориясы, оның мағынасы мен түрлері.

33. Шақ категориясы, оған тән белгі, сипаттар.

34. Үстеу. Үстеуге тән негізгі белгі, сипаттар, өзіндік ерекшеліктер. Үстеудің морфологиялық құрылысы мен құрамы. Негізгі үстеулер, оларға тән үш түрлі ерекшелік. Туынды үстеулер, олардың сипаты.

Үстеудің мағынасына қарай бөлінуі. Үстеулердің синтаксистік қызметі.

35. Еліктеу сөздер. Еліктеу сөздердің мағыналық топтары. Олардың семантикалық, морфологиялық сипаттары, фонетикалық ерекшеліктері. Негізгі түбір және туынды түбір еліктеуіштер. Еліктеу сөздердің синтаксистік қызметі.

36. Одағай сөздер. Одағай сөздерге тән ерекшеліктер. Негізгі және туынды одағайлар. Одағайлардың мағыналық рендеріне қарай бөлінуі. Одағайлардың синтаксистік қызметі. Оқшау сөздер және одағайлар. Одағайлардың тыныс белгілері. Көмекші сөздер. Оларға тән негізгі сипаттар. Көмекші сөздердің іштей бөлінуі.

37. Шылау. Шылаулардың мағынасы, тілдегі қызметі, қолданылуы. Шылаулар. Шылаулардың мағынасы. Грамматикалық сипатына қарай шылаулар ішінара үш топқа бөлінеді. Жалғаулықтар. Септеуліктер. Демеуліктер.

38. Синтаксис ілімі, объектісі мен зерттеу саласы. Сөз тіркесінің, сөйлем түрлерінің грамматикалық құрылымын зерттейтін ілім синтаксис екендігі. Синтаксис сөздерді - сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал қосымшаларды - сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұратын грамматикалық категория ретінде тексереді

39. Синтаксистің негізгі объектісі – сөйлем. Синтаксистің басты-басты салалары. Сөз тіркесі синтаксисі. Жай сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисі.

40. Сөз тіркесінің жалпы сипаттамасы. Сөз және сөз тіркесі. Синтаксистік сөз тіркесінің өзіне тән белгілері: 1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады; 2) сөз тіркесінің әр сыңары жеке сұрауға жауап береді; 3) сөз тіркесінің әр сыңары сөйлемде белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқарады; 4) сөз тіркесінің әр сыңары дара сөзден де, күрделі сөзден де жасала береді; 5) сөз тіркесінің бір сыңары бағыныңқы, екінші сыңары басынқы болып келеді.

41. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері: Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.

42. Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары. Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, синтетикалық байланыс, аналитикалық байланыс. Сөздердің синтаксистік байланысу формалары: қиысу, матасу, меңгеру, жанасу, қабысу.

43. Жай сөйлем синтаксисі объектісі мен тармақтары. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті түрлері. Жай сөйлемдер тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай: а) атаулы; ә) толымды; б) толымсыз; в) жақты; г) жақсыз болып бөлінетіндігі. Тұрлаусыз мүшенің қатысына қарай жалаң және жайылма болып ажыратылатындығы. Тұлғасына қарай болымды және болымсыз сөйлемдер болып жіктелетіндігі.

44. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі, сөйлемде кездесетін оқшау сөздер.

45. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисі, оның анықтамасы мен объектісі.

Жай сөйлемдердің құрмаласу тәсілдері: жай сөйлемдердің көсемше, есімше, шартты рай, шылаулар арқылы құрмаласуы, жай сөйлемдерді

кұрмаластыруда интонацияның қызметі, құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі.

46. Салалас құрмалас сөйлем.
47. Сабактас құрмалас сөйлем.
48. Аралас құрмалас сөйлемдер және олардың түрлері.
49. Бөгде сөз және оның түрлері. Төл сөз бен автор сөзі.
50. Тыныс белгілері, түрлері мен қызметі, топтастырылуы - сөйлем саптауда келетін тыныс белгілері мен сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері.

Практикалық жаттығулар мультимедиа құрылмалармен жабдықталған аудиторияда бір академиялық топта бір профессор-оқытушы тарапынан өтілуі қажет. Жаттығулар актив және интербелсенді әдістер көмегінде өтілуі, сәйкес түрде педагогикалық және ақпарат технологиялардан қолдану мақсатқа сай.

#### **IV. Өзіндік білім және өзіндік жұмыстар**

Аудиториядан тыс уақытта орындалатын өзіндік жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша орындау ұсынылады:

- Конспект жазу;
- Глоссарий түзу;
- Индивидуал және ұжымдық жұмыс;
- Кейс-тапсырмаларын орындау;
- Тақырыпты портфолюлар түзу;
- Интернет желісінен материалдар топтау;
- Тақырыпқа сай кестелер дайындау;
- Реферат жазу;
- Презентация (слайд) жасау;

Білім бағытының (мамандық)тың негізінен келіп шығып, өзіндік жұмыстарының басқа түрлерінен де пайдалануға болады.

#### **Өзіндік білім үшін ұсынылатын тақырыптар:**

1. Фонетика және оның объектісі.
2. Фонетиканың тіл білімінің өзге салаларымен байланысы.
3. Дыбыс, әріп, фонема: негізгі қасиеттері.
4. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі.
5. Тіл дыбыстарының заңдылықтары.
6. Дауысты дыбыстар және олардың жіктелуі.
7. Дауыссыз дыбыстар және олардың жіктелуі.
8. Тілдегі дыбыстық құбылыстар.
9. Орфография және орфоэпия.

- 10.Пунктуация және оның ережелері.
- 11.Қазақ әліпбиі. Тарихы.
- 12.Латын әліпбиі.
- 13.Екпін туралы түсінік.Екпіннің түрлері.
- 14.Консонантизмдердің артикуляциялық ерекшеліктері.
- 15.Вокализмдердің негізгі ерекшеліктері.
- 16.Дыбыстау мүшелерінің анатомиялық-физиологиялық негіздері.
- 17.Тіл дыбыстары, олардың айтылуы мен жазылуы.
- 18.Фонетиканың салалары.
- 19.Дауыссыздардың дауыс қатысына қарай түрлері.
- 20.Сингармонизм.
- 21.Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы
- 22.Лексиканың семантикалық сипаты
- 23.Синонимдердің өзіндік сипаты және ерекшеліктері
- 24.Антонимдер және олардың түрлері
- 25.Қазіргі қазақ тілі лексикасының сөздік құрамы және шығу арналары
- 26.Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы туралы түсінік
- 27.Қазақ тіліндегі вариант фразеологизмдердің негізгі құрамына жалпы сипаттама.
- 28.Грамматика және оның салалары.
- 29.Сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары.
- 30.Жұрнақтар, олардың құрамы, түрлері.
- 31.Қазіргі қазақ тілінде жалғаулар.
- 32.Сөз формалары және олардың жасалу тәсілдері
- 33.Жалаң сөздер.
- 34.Күрделі сөздер, олардың түрлері мен жасалу жолдары.
- 35.Сөз таптары және олардың морфологиялық құрамы.
- 36.Зат есім. Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты.
- 37.Сын есім. Сын есімнің жалпы сипаты.
- 38.Сан есім. Сан есімнің лексика-грамматикалық сипаты.
- 39.Есімдік. Есімдікке тән белгі, сипаттар
- 40.Етістік. Етістіктің лексика-семантикалық және морфологиялық сипаты.
- 41.Салт-сабақтылық категориясы
- 42.Етіс категориясы, оған тән сипаттар.
- 43.Есімшелер. Көсемше.
- 44.Шақ категориясы, оған тән белгі, сипаттар.
- 45.Рай категориясы, оған тән сипаттар.
- 46.Үстеу. Үстеуге тән негізгі белгі, сипаттар. Үстеулердің синтаксистік қызметі.
- 47.Еліктеу сөздер. Еліктеу сөздердің мағыналық топтары.
- 48.Одағай. Көмекші сөздер. Оларға тән негізгі сипаттар.
- 49.Шылаулар. Жалғаулық.Септеулік. Демеулік.
- 50.Сөйлем және оның түрлері.

51. Сөз тіркесі және олардың байланысу формалары.
52. Етістікті тіркестер.
53. Сөз және оның морфологиялық құрылымы.
54. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері.
55. Бөгде сөз және оның түрлері.
56. Тұрлаусыз мүшелер.
57. Есімдік және оның түрлері.
58. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен жалпылауыш сөздер.
59. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті түрлері.
60. Жай сөйлемдер тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай түрлері
61. Күрделі және үйірлі бастауыштар
62. Күрделі баяндауыштардың қимыл кезеңдерін білдіруі
63. Құрама баяндауыштар
64. Баяндауыштың бастауышпен қиысуы
65. Айқындауыш мүшелер
66. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.

#### **V. Курс жұмысын дайындау бойынша ұсыныстар**

Курс жұмысы – оқу үдерісімен қатар орындалатын жұмыстардың ең күрделісі. Бұл, әдетте, студенттің нақты бір мәселені өз бетімен, шығармашылық бағытта ойластыру шамасын тексеру амалы болмақ, соған орай, оның ғылыми-зерттеу ісіне деген ынта-жігері, икемділігі, өз мамандығына байланысты білім дәрежесі байқалмақ.

Курс жұмысының тақырыбы ғылыми, практикалық маңызы жағынан аталып, жүйелі түрде талданылған тілдік деректер негізінде сипатталуға тиіс. Курс жұмысын бұлайша жазып құрастыру студенттердің қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен білімін кеңейте түседі; ғылыми жұмыс жүргізуге ынталандырып, оның жолы мен әдісін үйренуге дағдыландырады. Демек, курс жұмысы ғылыми-зерттеу ісінің алғашқы бір түрі болып саналады.

Курс жұмысы бір жыл бойында әзірленеді. Бұл – VIII семестр үшін орындайтын жұмысқа VII семестрдің басында кірісуі керек деген сөз. Осы кездерге дейін студенттер қазақ тіл білімі жайында біраз курстарды өтеді, негізгі әдебиеттермен (оқу құралдарымен) танысады, жалпы мамандық курстың салалары бойынша бақылау-жаттығуларын орындайды. Бұлар курс жұмысының уақытында, талапқа сай жазылып бітуіне кең мүмкіндік береді. Әрине, курс жұмысының ойдағыдай, жақсы жазылуы студенттің өз мамандығынан қаншалықты теориялық, практикалық дайындығы барына және саналы түрде қызмет жасауына байланысты.

#### **Курс жұмысы тақарыптары**

1. Абай қара сөздері морфологиялық ерекшелігі.
2. Абай шығармаларындағы кірме сөздердің қолдану ерекшелігі.
3. А.Ысқақов жалпылингвистикалық тұжырымдамалары.

4. Антонимдердің көркем шығармадағы қызметі.
5. Атаулы сөйлем туралы түсінік.
6. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың артикуляциялық сипаты.
7. Демеулік шылаулардың зерттелуі.
8. Демеулік шылаулардың қолданылуы.
9. Есімшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы қызметі.
10. Есімшелердің функционалдық парадигмалық жүйесі.
11. Етістікті фразеологизмдердің грамматикалық ерешеліктері.
12. Етістік аналитика форматы құрылым және мағына ерекшелігі.
13. Еліктеу сөздердің фонематикалық сипаты.
14. Жалаң түбір тұлғасы семантикасы.
15. Күрделі сөздер семантикасы
16. Көркем мәтінде окказионал фразеологизм жасалуы.
17. Компонентер неологизм.
18. Қазақ тіліндегі дисфемизм.
19. Қазақ тіліндегі есімдіктер.
20. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді топтастыру.
21. Қазақ тілі сөзжасамдары лексика-семантика тәсілі көрінісі.
22. Қос сөздердің қазақ тіл біліміндегі зерттелу тарихы.
23. Тәуелдік жалғауы.
24. Сан есімді оқыту.
25. Сөздің морфология құрылымы.
26. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және грамматикалық тұлғасы.
27. Семантикалық фразеологизм.
28. Синонимдік қатардың жасалуы.
29. Сөз тіркесінің байланысу формалары.
30. Ғалым Мархабат Томановтың қазіргі қазақ тіл біліміндегі орны.
31. Ғалым Құдайберген Жұбановтың қазіргі қазақ тіл біліміндегі орны.
32. Ғалым Ш.К.Бектұровтың қазақ тіл білімінде алатын орны.
33. Абай шығармаларының тілінің зерттелуі
34. Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасындағы араб-парсы сөздері.
35. Мақал-мәтелдердің тілдік ерекшелігі.
36. Зергерлік өнерге байланысты кәсіби сөздер
37. Фразеологизм – лексикалық сөзжасамның тәсілдерінің бірі
38. Х. Есенжанов шығармаларындағы жергілікті тілдік ерекшеліктер
39. Ғалым І. Кеңесбаевтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулері
40. Ғалым Р. Сыздықованың лингвистикалық зерттеулері
41. Ғалым А. Ысқақовтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулері
42. Ғалым М. Балақаевтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулері
43. Күрделі сөздердің жасалу жолдары

44. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер  
 45. Өлшемдік ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері

**VI Пәнді оқыту нәтижесінде (қалыптасатын компетенциялар)**

3.

Пәнді меңгеру нәтижесінде студент:

- қазіргі қазақ тілін лингвистикалық тұрғыдан теориялық және практикалық жақтан талдай алу, тілдік ұғымдар, сипаты, қоғамдық қызметі, түрлерін ажрата білу, тіл дыбыстарының көркем әдебиетте, ауызекі тілде қолданылуы туралы **білімге ие болуы; (білім)**
- жалпы тілдік теориясы болып табылатын бұл пән - негізгі теориялармен қаруландыру, тілдің қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет бере отырып өзіндік ерекшеліктерін практикада қолдана білуі, дағды қалыптастыруға **ие болуы; (дағды)**
- фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистің түрлі салаларын зерттеу әдістерін сұрыптап қажетті түрге келтіруді, тілдік тұрғыдан талдай алу, қолданыста орнымен пайдалана алуы, ой-өрісін дамытуға арналған жаттығуларды орындай алуы, тіл дыбыстарын орынды қолдана білу жайлы **іскерлікке ие болуы керек. (ептілік)**

4.

**VII. Оқыту технологиялары мен әдістері:**

- лекциялар;
- интербелсенді әдістер;
- тақырып бойынша кейс-сатдилар
- семинарлар (СТО, проблемалы оқыту, сұрақ-жауап, т.б.);
- топтық жұмыс;
- презентация жасау.

5.

**VIII. Кредиттерді алу үшін талаптар:**

Пәнге тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық игеру, талдау нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдау, үйреніліп жатқан тақырып бойынша өзіндік ой-пікір айту және ағымдағы, аралық бақылау қалыптарында берілген тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша жазбаша жұмысты тапсыру.

6.

**VIII. Негізгі және қосымша оқу әдебиеттер мен ақпарат деректері**  
**Негізгі әдебиеттер:**

1. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі: фонетика, лексика, морфология, синтаксис. Алматы, 2006
2. Болғанбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1997.
4. Байкабилов У. Қазіргі қазақ тілі. Ташкент. 2022.

**Көмекші әдебиеттер:**

5. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Эркин ва фаровон, демократик

Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президенти лавозимида киришиш таитанали маросимида бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2016. - 56 б.

6. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Танқидий таҳлил, катъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қондаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий якуналари ва 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2017. – 104 б.

7. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қураамиз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайловолди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўрин олган. / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б

8. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. А.: 1992.

9. М.Оразов. Көмекші сөздер. Ташкент, 199.

10. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы, 2009.

11. Ғ.Қалиев және т.б. Қазіргі қазақ тілі (лаб. жұмыстар). А.: 1992.

12. Байкабилов У., Дуйсабаева Д. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Ташкент, 2015.

#### Ақпарат ресурстары:

<http://www.edu.uz>

<http://www.gov.uz>

[www.pedagog.uz](http://www.pedagog.uz)

[www.cspi.uz](http://www.cspi.uz)

[www.pedagog.uz](http://www.pedagog.uz)

[www.edu.uz](http://www.edu.uz)

[www.natlib.uz](http://www.natlib.uz) (А.Navoiy nomidagi O'z.MK)

[www.ziyonet.uz](http://www.ziyonet.uz) - Ziyonet axborot-ta'lim resurslari portali

7. Шыршық мемлекеттік педагогика университеті тарапынан істеп шығылған және университет Кеңесінің 2024 жыл “29.08.”  
1 дағы қаулысымен бектілген.

8. Пән/модуль үшін жауапты:

У.Байкабилов – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасы доцент м.а.

9. Пікір білдірушілер:

Ы.Кұттымуратова – НМПИ-дің, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы  
менгерушісі, ф.ф.ф.д. (PhD)

Д.У. Дуйсабаева – ТМПУ-дің, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы  
доценті.